Бұрғының қоректенуі нөлдік жұмыстық сымның қайта жерге тұйықталуынсыз 380/220 В желісінен қоректенетін 220/42 В бір фазалы түсіруші трансформатордан жүзеге асырылған. Түсіруші трансформатордың екінші орамасы мен электр аспабының корпусы нөлденген.

Электромонтер сыйымдылықта жұмыс істеп жатқан кезде бактың сыртында тұрған электрқозғалтқыштың нөлденген корпусына 380 В сызығының фазасының тұйықталуы болды, ол монтердің тоқпен зақымдануына әкеп соқты..

Берілген: нөлдік сымның кедергісі фазалық кедергіден 2 есе көп: $R_H = 2R_ф$; адам денесінің кедергісі R_h=1000 Ом; зақымданушының аяқ киімінің кедергісі $R_{об} = 1400$ Ом; адам түрегеп тұрған табанының кедергісі, $r_{осн} = 8$ Ом; тоқ көзінің бейтарап жерге тұйықталу кедергісі $r_0 = 4$ Ом.

Талап етіледі: зақымданушының денесі арқылы өтетін тоқты анықтау және КЗ кезінде электромонтердың зақымдану қауіпін болдырмау үшін қандай шаралар орындау керектігін көрсету.

Жауап: $I_h = 61$мА.



3.17 тапсырмаға Метал сыйымдылықтың ішінде кернеуі 4,2 В қол электр аспабымен жұмыс істеген кезде адамның тоқпен қатты зақымдануы: 1- металл сыйымдылық (бак); 2 - қол электр аспап; 3 - кернеуі 380 В электрқозғалтқыш; 4 - 220/42 В түсіруші трансформатор.

3.18 тапсырма. 380/220 В электр бергіш ауа сызығының ағаш діңгектің - аяқ жағындағы тіреуіште осы тіреуішке орнатылған сыртқы жарықтандырудың жарық түсіргіш арматурасына баратын нөлдік жұмыстық сым (НЖС) үзіліп кетті. Нәтижесінде арматурадағы шам өшіп қалды.

Электромонтер бүлінген жерлерді қалпына келтіру үшін металл приставканың биік тіреуішіне шықты және шамшырақтан келіп түсетін үзілген нөлдік сымның ұшынан ұстады. Сонымен қатар ол токпен қатты зақымданды.

Жазатайым жағдайды зерттеу шам қоректенген фазалық сымның - жарықтандыру сызығы өшіп тұрғанын көрсетті, бірақ НЖС үзілуінің салдарынан шам жанбаған, ал электромонтер ұстаған НЖС-ң үзілген ұшы жерге салыстырмалы U= 220 В кернеуде болған. Электромонтер сымды ұстаған уақытта жерге көмілген теміржол рельсінің кесіндісіне - тіреуішке қойылған приставкада екі аяғымен тігінен тұрған.

Берілген: адам денесінің кедергісі R_h= 1000 Ом; аяқ киімнің кедергісі $R_{об} = 800$ Ом; трансформатор қоректенетін бейтарап жерге тұйықталу кедергісі r_0=8 Ом; жердің меншікті кедергісі ρ= 90 Ом·м; жерге көмілген рельс аумағының ұзындығы, L= 1,5 м; шамшырақтағы шамның қуаты P = 200 Вт.

Талап етіледі: электромонтер зақымданған токты есептеу.

Нұсқау: рельстің кедергісін есептеген кезде білік тәрізді болаттың диаметрін d = 0,1 м деп қабылдау.

Шешуі. Электромонтер үзілген сымды ұстаған кезде біртіндеп жалғанған кедергілердің тұйық тізбегі пайда болды: қыздыру шамы $r_л$, адам денесі R_h , өзекті электродтардың (рельстің) $r_З$, аяқ киімдері $R_{об}$, r_0 трансформатордың бейтарапты жерге тұйықталуы.

Шамның кедергісі

$$r_л = U_{ф^2}/P = 220^2/200 = 242 \text{ Ом}$$

Электрод кедергісі:

$$r_з = \frac{\rho}{2\pi L} In \frac{4L}{d} = \frac{90}{2\pi \cdot 1{,}5} In \frac{4 \cdot 1{,}5}{0{,}1} = 39 \text{ Ом.}$$

Осы тізбекпен өтетін тоқ ізделіп отырған зақымдаушы ток болып табылады:

$$I_h = U_Ф/(r_л + R_h + R_{об} + r_з + r_0) = 220/(242 + 1000 + 800 + 39 + 8) = 0{,}105A.$$



3.18 тапсырмаға. Электромонтердың ВЛ380/220 В нөлдік жұмыстық сымының үзілгенін қайта қалпына келтіруге әрекеттенуі кезінде тоқпен зақымдануы

3.19 тапсырма. Жер полы бар кішігірім аумақта қосалқы үй-жайдың бір мекемесінде үш фазалы желінің 380/220 В кернеумен қоректенетін, электрқозғалтқыштың әрекетімен алынған екі механизм пайдалынылған. Бұл жерде қоректенуші трансформатордан тікелей анықталған, бөлмелердің барлық электр желілілерінің ажыратқышпен ажырату арқылы оның құрылыстық бөлігіне үш күн бойы жөндеу жүргізілді. (тапсырма суретін қараңыз).

Жөндеу жұмыстары біткеннен кейін міндеттеріне берілген бөлменің электр жабдықтарына қызмет көрсету жататын аға электромонтер мен оның көмекшісі агрегаттан жөндеу кезінде салынған қауіпсіздік белгісі мен брезент жаппасын алып тастады, агрегаттың шаңын сүртті, агрегатқа жақын басқа заттардың жоқ екендігіне көздерін жеткізді, механизм мен электрқозғалтқыштардың басқару органдарының дұрыс тұруын және жөнделгендігін тексерді, нөлдеу магистралына электрқозғалтқыштың тұрқысының жалғанғандығына көз жеткізді. Сонан соң олар трансформатор будкасының ажыратқышын қосты, яғни нұсқалған бөлмеге кернеу берді және электрқозғалтқышты қосты. Олар қалыпты жұмыс істеді. Біраз уақыттан соң аға монтер көмекшіге жарықтандыру өткізгіштің дұрыстығын тексеруді - бөлменің (төбеге ілінген қыздыру шамы бар үш шамшырақты) шамын өшіруді бұйырды.

Көмекші шамдар тізбегіндегі (3 поз.) бір полюстік ажыратқышты қосты, осы кезде жұмыс істеп тұрған электрқозғалтқыштың жанында оның тұрқысына қолымен сүйеніп тұрған аға монтер тоқпен зақымданып құлады.

Мекеменің дәрігерге дейінгі көмегі, сондай-ақ жедел жәрдеммен келген медициналық көмек, зардап шегуші жеткізілген аурухана дәрігері де оң нәтиже бермеді. Зақымдану аса қатты болған.

Жазатайым жағдайдың себебі бөлмені жөндеу кезінде болған желінің нөлдік жұмыстық сымының үзілуі болып табылды.

Берілген: топырақтың меншікті кедергісі ρ =120 Ом-м; қоректенетін трансформатордың бейтарап жерге тұйықталу кедергісі r_0 = 8 Ом; шамның номиналдық кернеуі U = 220 В; шамның қуаты P = 300 Вт; адам денесінің кедергісі R_h = 850 Ом.

Талап етіледі: адамды зақымдаған тоқты I_h және оның жанасу кернеуін $U_{пр}$ анықтау.

Жауап: $I_h = 200$ мА; $U_{пр} = 170\ B$.



3.19 тапсырмаға. Нөлдік жұмыс сымының үзілуі салдарынан электромонтердың тоқпен қатты зақымдануы кезіндегі желінің сұлбасы:

1- бөлменің электржелісінің ажыратқышы; 2 -ЖС үзілген орны; 3- жарықтандыруды ажыратқыш; 4 - электрқозғалтқыштар; 5- қыздыру шамы.

3.20 тапсырма. 380/220 В ВЛ қызмет бөлмесіне енгізу орнында сыртты жарықтандыру шамшырағына баратын сымдар жүргізілген метал құбырда бір фаза тұйықталды. Бұл құбыр осы кермеге қатысты апат кезінде электромонтердің токпен аса зақымдануының нәтижесінде ВЛ ағаш тіреуіштің металл арқанды кермесімен байланыста болған. Керменің төменгі ұшынан белгілейтін зәкір(якорь) ретінде жерге керменің жауып бекітілген орнында жерді ашып көрсеткендей белгісіз пішінде шойын машиналық бөлшек пайдаланылады. Бұл бөлшекті есептеу кезінде диаметрі d=0,8 м метал шармен салыстыру қажет.

Берілген: тұйықталу кезінде керме арқылы жерге жиналған тоқ; құбырдағы фаза,

I_3 = 4 А; адам денесінің кедергісі R_h=1000; Ом; зақымданушының аяқ киімінің кедергісі $R_{об} = 0$;. Жердің меншікті кедергісі р = 200 Ом -м; шардың жерге көмілуі t=1,2 м; шардың ортасынан зақымданушыға дейінгі ара қашықтық x = 2м.

Талап етіледі: $U_{пр}$ жанасу кернеуін және адамды зақымдаған Ih тоқты анықтау.

Жауап: $I_h = 101$ м А $\quad U_{\text{пр}} = 101$ В.

3.21 тапсырма. Апат болған кезде электр беру ВЛ-ң бір сымы метал күркеге жанасты, нәтижесінде метал столға шынтақпен сүйеніп, күркеде метал орындықта отырған бала тоқпен аса зақымдалды. Зақымданушының киімі - шолақ дамбал және қысқа жеңді жейде. Оның денесінің ашық жерлері стол мен отырғышқа соқтығысып қалды.

Берілген: Күрке тұтастай металдан жасалған. Оның құрылымының салмақ түсетін элементтері үш діңгек - диаметрі d=0.05м болат құбыр болып табылады. Құбырлар бірі бірінен S=3 м ара қашықтықта тең қабырғалы үшбұрыштың ұшында L_1=2,5 м тереңдікте жерге қағылған (6 тапсырманың суретін қараңыз). Діңгектер болат табақтан және бұрыш темірден жасалған бірыңғай метал құрылымға бекітілген.

Стол мен отырғыштар да тұтастай металдан жасалған. Столдың үстіңгі тақтайы - күркенің діңгектерінен пайда болған үшбұрыштың ортасынан жерге қағылған, болат құбырға бекітілген метал табақ.

Жазатайым жағдайдан кейін өлшеу арқылы топырақтың меншікті кедергісі

$\rho = 200$ Ом·м және I = 60 А, күрке арқылы жерге сымнан жиналатын тоқтың мәні анықталды.

Талап етіледі: діңгек (отырғыш) пен столдың арасындағы потенциалдардың айырмашылығын анықтау. Мұндай жағдайда бұл потенциалдардың айырмашылығын зақымданушы үшін $U_{\text{пр}}$ жанасу кернеуі деп есептеуге болады.

Жауап: $U_{\text{пр}} = 847$ В.



3.21 тапсырмаға. Баланың метал күркеде электр тогымен зақымдануы: а - күркенің жалпы көрінісі; б - күрке діңгектерінің салмақ түсу жүктемесінің орналасуы (жоғарыдан көрінісі).

4. Өміртіршілік қауіпсіздігі бойынша тапсырмалар

4.1 тапсырма.

Қаланың солтүстік ауданы аймаққа 70-90 кПа артық қысыммен келіп түседі. Құрылыс салыну тығыздығы 30%, көшенің ені 30 - 40 м., ғимараттар негізінен сегіз қабатты. Үйінді пайда болу мүмкіндігі мен олардың биіктігін анықтау керек.

Шешуі. Берілген 4.2 кесте бойынша үйінділер тұтастай 50 кПа артық қысымда пайда болады. 30% құрылыс салу тығыздығы үшін мүмкінді үйінділердің биіктігін 4.3 кесте бойынша табамыз, ол 3,1 м-ге дейін болуы мүмкін. Осы мәліметтер негізінде көшелердегі үйінділерді тазалау бойынша жұмыстар жүргізуді жоспарлауға болады.

4.1 кесте - Өзіндік шешу үшін нұсқаулар

Көрсеткіштер	Мысалға арналған нұсқаулар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
Қысымы	50 кПа	40 кПа	30 кПа	90 кПа	70 кПа	60 кПа	110 кПа	100 кПа	40 кПа	50 кПа
Құрылыстың салыну тығыздығы	20	30	40	50	60	30	40	50	20	60
Көшенің ені	10	20	30	40	20	30	40	10	60	50
Қабаттылық	6	5	4	2	3	7	8	6	5	3

4.2 кесте

Ғимараттың қабаттылығы	Көшенің ені, м		
	10-20	20-40	40-60
	Артық қысым, кПа		
2-3	50	90	-
4-5	40	70	110
6-8	30	50	100

4.3 кесте

Ғимарат тығыздығы	Қабаттылық				
	1	2	4	6	8
	Жазық үйіндінің биіктігі, м				
20	0,3	0,6	1,3	1,7	2,1

30	0,5	0,9	1,9	2,8	3,1
40	0,6	1,2	2,5	3,7	4,2
50	0,8	1,6	3,1	4,6	5,2
60	0,9	0,9	3,8	5,6	6,2

4.2 тапсырма.

Радиациялық жағдайды бағалау бойынша тапсырманы шешу кезінде әдетте радиацияның деңгейін бір уақытқа келтіреді. Жарылыс уақыты белгілі болған кезде радиацияның деңгейін формула бойынша анықтайды:

$$P_t = P_0(\frac{t}{t_0})^{-1,2} \text{ немесе } P_1 = P_t \cdot K_t, \quad (4.1)$$

мұндағы P_0- жарылыстан кейін to уақыт мезетіндегі радиацияның деңгейі;

P_t- жарылыс мезетінен саналған, t уақыт мезетінде қарастырылған радиация деңгейі;

$K_t = (t/t_0)^{-1,2}$ - жарылыстан кейін әртүрлі уақытта радиацияның қайта саналу коэффициенті. Теңдеуді шеше отырып радиацияның деңгейі уақыттың жеті есе артуы кезінде 10 рет кемитініне көз жеткізуге болады. Жарылыстан кейін әртүрлі уақытта радиацияның қайта саналуы үшін K_t коэффициентінің мәні 4.4 кестеде келтірілген.

4.4 кесте

t,с	$К_t$	t,с	$К_t$	t,с	$К_t$
0.5	2,300	9	0,072	18	0,031
1	1,000	10	0,063	20	0,027
2	0,435	11	0,056	22	0,024
3	0,267	12	0,051	24	0,022
4	0,189	13	0,046	26	0,020
5	0,145	14	0,042	28	0,018
6	0,116	15	0,039	32	0,015
7	0,097	16	0,036	36	0,013
8	0,082	17	0,033	48	0,010

4,5 кесте - Өз бетімен шығару нұсқалары

Көрсеткіштер	Мысал үшін нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
Радиацияның өлшенген деңгейі	15 р/с	30 р/с	50 р/с	18 р/с	25 р/с	35 р/с	40 р/с	20 р/с	23 р/с	45 р/с
Өлшеу	11.2	11.0	13.0	15.0	12.0	14.0	17.0	16.0	18.0	21.0

уақыты	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ядролық соққы берілді	7.20	8.00	9.00	11.00	6.00	10.00	12.00	13.00	14.00	17.00

11 сағат 20 минутта объект территориясындағы радиацияның деңгейі 5,3 р/с құрады. Егер ядролық соққы 8 сағат 20 минутта болса, жарылыстан кейін 1 сағатта радиацияның деңгейін анықтау.

Шешуі. 1. Радиация деңгейін өлшеу уақыты мен ядролық жарылыс уақытының арасындағы айырмашылықты анықтаймыз. Ол 3 сағ. тең.

11 сағ. 20 мин. - 8 сағ. 20 мин.=3 сағ.

2. 4.4 кесте бойынша жарылыстан кейін 3 сағат өткен соң радиация деңгейін қайта есептеу үшін коэффициент K_3=0,267.

3. K_1 1 сағ. жарылыстан кейін $K_t = 1,3$ үш сағатқа $- K_3 = 0,267$. болғандықтан ядролық жарылыстан кейін 1 сағ. радиация деңгейін (4.1) формула бойынша анықтаймыз $P_1 = P_t/K_3 = 5,3/0,267 = 19,8$ р/сағ

4.3 тапсырма.

Сел жүрген кезде зақымдану ошағы адам өлімі, жануарлар және ауылшаруашылық мәдениетінің егінінің зақымдануы, шикізаттардың, отын, азық-түліктердің, тыңайтқыштардың бұзылуы мен жойылуымен берілетін жерлерді су басу, ғимараттардың және басқа объектілердің бүлінуі мен қирауы болатын шамадағы территория деп аталады.

Сел жүру масштабы судың қауіпті деңгейінің тұру ұзақтығы мен биіктігіне, су басу ауданына, су басу уақытына және т.б (көктемде, жазда, қыста) байланысты.

Гидротехникалық құрылыстардың бұзылған кезінде су басу және бөгеттерді жарып өткенде сел жүру өлшемдерін анықтау.

Су қоймасының көлемі W=70 млн. м^2, проранның ені В = 100 м, бөгеттің алдындағы судың тереңдігі (глубина прорана) Н = 50 м, су жіберу қозғалысының орташа жылдамдығы V=5 м/сек. Ол бүлінген кезде бөгеттен 25, 50 және 100 км ара қашықтықта жіберу толқынының көрсеткіштерін анықтау.

Шешуі. 1 фомуласы бойынша

$$t_{\text{пр}} = \frac{R}{V}, \text{сағ}, \qquad (4.2)$$

мұндағы R - бөгеттен бері қарай берілген ара қашықтық, км, берілген ара қашықтықта жіберу толқынының келу уақытын анықтаймыз.

$$t_{25} = \frac{25}{5 * 3,6} = 1,4, \text{сағ}, \qquad t_{50} = \frac{50}{5 * 3,6} = 2,8, \text{сағ}, \qquad t_{100} = \frac{100}{5 * 3,6} = 5,6, \text{сағ}.$$

2. 4.6 кесте бойынша берліген ара қашықтықта жіберу толқынының биіктігін табамыз:

$h_{25} = 0{,}2H = 0{,}2 \cdot 50 = 10$ м
$h_{50} = 0{,}15H = 0{,}15 \cdot 50 = 7{,}5$ м
$h_{100} = 0{,}075H = 0{,}075 \cdot 50 = 3{,}75$ м.

3. Берілген ара қашықтықта (t) жіберу толқынының өту ұзақтығын формула бойынша анықтаймыз:

$$T = \frac{W}{NB3600} \tag{4.3}$$

мұндағы W - су қоймасының көлемі, м;

B - бүлінбеген бөгеттің жотасы арқылы су құю аумағы мен ағысының, м;

N - проранның 1 м еніне кеткен судың максималды шығыны (бөгеттің қыры арқылы судың құйылу аймағы), м^3 /с·м,

H, м	5	10	25	50
N, м^3/с·м	10	30	125	350

4.6 кесте – өткізгіштік толқынның шамамен биіктігі және бөгеттің әр түрлі қашықтығындағы өту ұзақтығы

Көрсеткіш атауы	Көрсеткіш атауы						
	0	25	50	100	150	200	250
Өткізу толқынының биіктігі h,м	0,25H	0,2H	0,15H	0,75H	0,05H	0,03H	0,02H
Өткізу толқынаның өту ұзақтығы t,сағ.	T	1,7T	2,6T	4T	5T	6T	7T

Су қоймасының босатылу уақытын табамыз:

$$T = \frac{70\ .\ 10^6}{350 \cdot 100 \cdot 3600} = 0{,}55, \text{сағ},$$

Сонда $t_{25}1{,}7;\ \ T = 1{,}7\text{x}0{,}55 = 1$ сағ.;
$t_{100} = 4; T = 4\text{x}0{,}55 = 2{,}2$ сағ.

4.7 кесте - Өзіндік жұмыстар үшін нұсқаулар

Нұсқаулар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
Су қоймасының көлемі, $м^3$, млн.	20	30	40	50	60	65	70	75	85	90
Проранның ені, м	15	20	25	40	60	70	80	85	90	95
Плотина алдындағы су тереңдігі Н, м	20	25	30	45	50	60	65	70	75	80
Жіберу толқынының қозғалысының орташа жылдамдығы V, м/с	5	5	5	5	5	5	5	5	5	5
Объектіге дейінгі ара қашықтық, км	25	50	100	60	70	80	90	75	95	65

4.4 тапсырма

Зақымдану ошағы жер сілкінісі кезінде зақымданумен және адам, жануар, өсімдіктердің өлімімен болған, көптеген ғимараттар мен құрылыстардың және басқа да объектілердің қирауы мен бүлінуі болу шегіндегі территория болып табылады. Зақымдану ошағын ғимараттар мен құрылыстардың қирау сипаты бойынша жер сілкінісі болған кезде ядролық зақымдану ошағымен салыстыруға болады, сонымен қатар көптеген ғимараттар мен құрылыстар орташа және күшті қиратулар жасайды.

Объект территориясындағы болжалды жер сілкінісінің қарқындылығы - Рихтер шкаласы бойынша IX балл. Объектіде жүк көтергіштігі 25-50 т метал қаңқасы мен кранды жабдығы бар өндірістік және әкімшілік ғимараттар, қоймалық кірпіш ғимараттар және метал және термірбетонды эстакадағы құбыр желілері бар.

4.8 кесте- Жер сілкінісі кезіндегі болжалды қираудың сипаты мен дәрежесі.

№ р/с	Ғимараттар мен құрылыстардың сипаттамасы	Қирау, балдары			
		Әлсіз	Орташа	Күшті	Толық
1	Метал қаңқасы және кранды жабдығы бар көлемді өнеркәсіптік ғимараттар	VII-VIII	VIII-IX	IX-X	X-XII
2	Жүк көтергіштігі 25-50 т, жеңіл металды ғимарат	VI	VII-VIII	VIII-IX	IX-XII
3	Шыны ауданы металл жақтау және нақты толтыру 30% өнеркәсіптік ғимарат	VI-VII	VII-VIII	VIII-IX	IX-XII
4	Метал каркаспен және қабырғалары мен төбесі тұтас	VI-VII	VII-VIII	VIII-IX	IX-XII

	нашар толтырылған				
5	Құрама темірбетоннан жасалған ғимарат	VI-VII	VII-VIII	–	VIII-IX
6	Темірбетонды құрама элементтерден жасалған үстіңгі жабыны бар кирпиш қаңқалы өндірістік-көмекші бір және көп қабатты ғимарат	VI-VII	VII-VIII	VIII-IX	IX-XI
7	Бұл да жабыны бар ағаштан салынған бір және көп қабатты	VI	VI-VII	VII-VIII	VIII-ден көп
8	Металл немесе темірбетон қаңқасы бар әкімшілік көп қабатты ғимарат	VII-VIII	VIII-IX	IX-X	X-XI
9	Кирпиштен салынған аз қабатты ғимарат (бір-екі қабат)	VI	VI-VII	VII-VIII	VIII-IX
10	Кирпиштен салынған көп қабатты ғимарат (үш және одан көп қабатты)	VI	VI-VII	VII-VIII	VIII-IX
11	Қоймалы кирпиштен салынған ғимарат	V-VI	VI-VIII	VIII-IX	IX-X
12	Метал немесе т/б эстакададағы құбыр желісі	VII-VIII	VIII-IX	IX-X	-

Жер сілкінісі болған кездегі объект элементтерінің қирау сипатын анықтау.

Шешуі. 4.8 кесте бойынша өнеркәсіптік, әкімшілік ғимараттар және құбыр желілері орташа қиратулар, ал қоймалық кірпіштен жасалған ғимараттар - күшті қираулар болатынын табамыз.

Ғимараттар мен құбыр желілерінің орнықтылық шегі IX балдан аз болғандықтан, олар IX балдық сейсмикалық толқынның әсеріне ауытқушылық болады. 4.8 кесте бойынша балдарда қарқынды жер сілкінісі болған кезде қирау сипатын анықтау

4.9 кесте - Өзіндік шешу үшін нұсқаулар

Нұсқалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жер сілкінісінің интенсивтілігі баллмен	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	VI-VII	VIII-IX

Жер сілкінісі кезіндегі жағдайды бағалау бойынша 4.5 - кешенді тапсырма.

Тапсырманың шарттары:

1. Қала халқының саны 230 мың адам.

2. Қалада 24 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын, олардың 4-уі - химиялық және жарылуға қауіпті.

- 15 мектеп;
- 20 балабақша;
- сыйымдылығы әрқайсысына 150 кереуеттен 13 емдеу мекемесі ;
- 54 қоғамдық тамақтану мекемесі;
- 12 қазандықтар;
- 10 тонна хлоры бар тазарту құрылыстарындағы жабық су қоймасы;
- 47 тонна аммиагы бар т/ж жолдарындағы цистерна.

3). Су жүргізу желісінің жалпы ұзындығы - 300 км;

- Кәріз желісі - 240 км.

4). Қалада 12450 үйлер бар, әрбір үйде орташа 20 адамнан тұрады.

5). Қаланың шетінде әрқайсысының сыйымдылығы 300 адамнан 2 демалыс үйі бар.

6). Жетекші құжаттардың талабына сәйкес құтқарушылардың жалпы саны. Азаматтық қорғаныс инженерлік және арнайы техникамен жоғары дайындықта қалыптасуының қамтамасыз етілуі - 90%.

7). Қаланы ГО күшімен басқару үшін радио байланыс құралдар бар.

8). Қала төңірегінде мотоатқыш полктар орналастырылады.

Ғимараттың сипаттамасы

Тұрғын:

- А типті - 20%, Б типті - 50%, В типті - 30%.

Өнеркәсіптік:

- Б типті - 60%, В типті - 40%.

Мектептер:

- Б типті - 100%.

Балабақша:

- А типті - 20%, Б типті - 50%, В типті - 20%.

Емдеу мекемелері:

- А типті -10%, Б типті - 70%, В типті - 20%.

Қоғамдық тамақтану кәсіпорны:

- А типті - 50%, Б типті - 30%, В типті - 20%.

Қазандықтар:

- Б типті - 100%.

Метеожағдайы.

Жұмыс істеу күніне нақты жыл, тәулік уақыты және метеожағдайы.

1 Жетекші маман - инженердің рөлін 4.10 кесте бойынша есептеу:

- қираған ғимараттардың дәрежесі мен саны;

- баспанасыз қалған тұрғындардың саны;
- санитарлық және қайтарымсыз шығындардың саны;
- Өнеркәсіп, коммуникация, тіршілік қамтамасыз ету жүйелер объектісінің қирау дәрежесі;
- СДЯВ зақымдануы мүмкін аймақтарын анықтау;
- өте қауіпті өрт аймағы.

Табиғи апаттардың, ірі апаттар мен зілзаланың салдарын жою

табиғи апаттардың немесе ірі апаттардың (зілзала) салдарын жоюға жататындар:

- тұрғындар мен апат қауіптілігі туралы объектілерді немесе апаттың пайда болған қауіптілік салдарын хабарлау.
- шолу жасау, бүлінудің дәрежесі мен көлемін анықтау, зақымданған аймақтардың өлшемдерңн, таралу жылдамдығын және су басу және сел жүруі мүмкін шекараларды, ошақтар мен аудандардың өлшемін және өрттің таралу бағытын анықтау және басқа да мәліметтердің анықталуы.
- Табиғи апаттың (апат, зілзала) қауіптілігі тікелей қауіп төндіретін объектілер мен елді мекендерді анықтау.
- құтқару және басқа да жұмыстарға қатыстырылатын күштер мен құралдардың топталуының санын, құрамын анықтау.
- апат (зілзала) болған аудандарда күшпен және құралмен басқаруды ұйымдастыру.
- зақымдалғандарға медициналық көмек ұйымдастыру және оларды емдеу мекемелеріне көшіру, сонымен қатар халықты қауіпсіз орындарға шығару;
- құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде сәйкес қауіпсіздік шараларын дайындау және жүзеге асыру.
- апат болған (зілзала) және оған жақын аудандарда комендантты қызметті ұйымдастыру.
- құтқару жұмыстарын дайындауға және қамтамасыз етуге, апат салдарын жоюға бағытталған материалдық, техникалық және тасымалдық қамтамасыз етуді, ГО күштерінің әрекетін, сонымен қатар басқа да шараларды ұйымдастыру.

Дүлей зілзалалардың салдарын жою, ірі авариялар мен апаттар

Табиғи зілзаланың салдарын жою немесе ірі авария (апат) мыналарды қамтиды:

1) Халықты және апаттар немесе жазатайым (апаты) кез келген қауіпті салдарын қауіп туралы ескертулер.

2) Барлау, инфекция, таралуы және ықтимал су басу ставка немесе шекаралары, өлшемдері қалта, бағыттары мен өрттен және басқа да деректерді анықтау таралу бағыттарын су аймақтарын мөлшерін анықтау, зиянның дәрежесі мен көлемін белгілейді.

3) Тікелей апат (авариялар, апаттар) арқылы қорқытқан объектілер мен елді мекендердің, анықтау.

4) Құрамын анықтау, күштер топтардың саны мен құтқару және басқа да жұмыстар үшін тартылған білдіреді.

5) Апат аймағында бақылау күштер мен ресурстарды (апаттар, апаттар) ұйымдастыру.

6) Медициналық қызмет көрсету және аурухана, сондай-ақ қауіпсіз орындарда және тұру үшін халықтың жасасу оларды зардап шеккен эвакуациялау ұйымдастыру.

7) Дайындау және құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде тиісті қауіпсіздік іс-шараларды жүзеге асыру.

8) Апат аймағында коменданты қызмет ұйымдастыру (апаттар, апаттар) мен оның маңындағы аудандар.

9) Материалды ұйымдастыру, сондай-ақ оқыту және құтқару және төтенше жағдайларды басқару (апаттар, апаттар) қамтамасыз етуге бағытталған тасымалдау, азаматтық іс-қимыл Force, сондай-ақ басқа да шаралар.

4.10 кесте – Жер сілкінісі кезінде шаруалықты жүргізудің мүмкін жағдайы

№ п/п	Атауы	Балдық жер сілкінісінің қарқындылығы					
		5	6	7	8	9	10
1	Жер сілкінісінің әсері	Барлық адамға сезіледі, заттардың аударылуы	Адамдар қорқып, тыныштығынан айырылады және жиһаздар төңкері-леді	Ғимараттардың бүлінуі	Ғимараттардың жаппай қирауы, жаппай дүрбелең	Ғимараттардың жаппай қирауы	
2	Сейсмикалық зерттеусіз ғимараттар мен құры-лыстардың жағдайы						
	«А» түрі - сынған тастардан жасалған ғимарат, ауылдық құрылыс, өңделмеген кірпіштен салынған үй, балшықтан салынған үйлер	1-ші дәрежелі зақымдалу	зақымдалу 1-ші дәреже-50% 2-ші дәреже - 5%	зақымдалу 3-ші дәреже - 50% 4-ші дәреже - 5%	зақымдалу 1 - 3-ші дәреже -75% 4-ші дәреже - 20% 5-ші дәреже - 5%	зақымдалу 5 -ші дәреже - 75%	зақымдалу 5-ші дәреже - 100%
	«Б» түрі - кәдімгі кірпіш үйлер, ірі блок және панель түріндегі ғимараттар	өзгерістер жоқ	зақымдалу 1-ші дәреже - 5%	зақымдалу 2-ші дәреже 50% 3-ші дәреже- 5%	зақымдалу 1-ші дәреже-75% 2-ші дәреже-20% 3-ші дәреже - 5%	зақымдалу 4 - ші дәреже - 50% 5 - ші дәреже - 5%	зақымдалу 5 - ші дәреже - 75%

№ п/п	Атауы	Балдық жер сілкінісінің қарқындылығы					
		5	6	7	8	9	10
3	Сейсмикалық зерттелген ғимараттар мен құрылыстар.«В» түрі – каркас т/б ғимарат, жақсы салынған ағаш үйлер	өзгерістер жоқ	өзгерістер	1 - ші дәреже - 5%	1 -ші дәреже - 25%	3 - ші дәреже - 50% 4 - ші дәреже - 5%	4 - ші дәреже . - 50% 5 - ші дәреже .- 5%
4	ОНХ қирау дәрежесі	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	әлсіз	орташа	Күшті	Толық
5	Коммун.,энергетикалық желілердің жағдайы: - Электр беру линиялары	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	Жеке апаттар	Сансыз көп апаттар	Барлық жердегі апаттар	Толық қирау
	- байланыс линиялары	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	Жеке апаттар	Байланыстардың бұзылуы	полные разрушения
	Су жүргізу, кәріз және жылумен қамдау желілері	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	5%-ға дейін қосылған жерлер бұзылады	Құбыр желілерінің 50% дейін айырылуы	Құбыр желілерінің 75% дейін айырылуы	Су жүргізу, кәріз және жылумен қамдау желілері
6	Жолдар мен көпірлердің жағдайы	өзгерістер жоқ	өзгерістер жоқ	Жолдардағы жарықшақтар және көшкіндер	Жарықшақтар бірнеше см, жүру қиын	толық қирау	Жолдар мен көпірлердің жағдайы
7	Су көздерінің жағдайы	Су көздерінің дебиті өзгереді	Су көздерінің дебиті өзгереді	Құдықтардағы судың деңгейі өзгереді	Дебит 50 %-ға өзгереді	Су көздері бұзылады	Су көздерінің жағдайы

8	Өртенудің - екіншілік себептері	жоқ	Жоқ	Жеке ошақтар	Жеке ошақтар	Тұтас өртену	Өртенудің - екіншілік себептері
	- су басу (тасқын)	жоқ	Жоқ	Су басу	Су басу	тасқын	тасқын
	- көшкіндер	жоқ	Жоқ	Көшкін	Көшкін	Көшкін	Көшкін
	- СДЯВ ошағы	жоқ	жоқ	Жоқ	СДЯВ ошағы	СДЯВ ошағы	Ошақтары
	- СДЯВ ошағы	жоқ	жоқ	Жоқ	СДЯВ ошағы	СДЯВ ошағы	ошақтары
9	Елді мекендердің қирау дәрежесі	жоқ	жоқ	әлсіз	орташа	күшті	толық
10	Халық шығыны (барлығы)	жоқ	жоқ	11%	30%	43%	60%
	- санитарлық	жоқ	жоқ	10% 2/3санитарлық	25%	11%	20%
	- қайтарымсыз	жоқ	жоқ	1%	5%	32%	40%

Зақымданудың жіктелуі

1-ші дәреже	2-ші дәреже	3-ші дәреже	4-ші дәреже	5-ші дәреже
Жеңіл зақымдану /жіңішке жарықшақтар, Сылақтың кішкене бөлігінің шашырауы	әлсіз зақымдану /керегедегі азғантай жарықшақтар Керегелердегі сылақтың көп бөлігінің шашырауы мен құлауы	орташа керегелердің үлкен және терең жарықшақтары мұржалардың құлауы	күшті қирау тесілген жарықшақтар және ойықтар ішкі керегелерінің қулауы	/ғимараттардың толық қирауы

Апат болған, жаппай өртену, зілзала болған ауданда ыстық және газдалған ғимараттар мен құрылыстардан, сынықтардан, үйінділерден зақымданғандарды табу бойынша барлау, комендантты қызмет және жұмыстар; зақымданғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету және оларды медициналық пункке немесе стационарлық емдеу мекемелеріне көшіру бойынша іс-шаралар; апат болған (өрт, апат, зілзала) аудандардан және елді мекенде күшті әсер ететін улы заттардың әсер ету аймағын жинау және шығару ұйымдастырылады. Сонымен қатар індеттердің пайда болуын тудырмау мақсатында санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы, сондай-ақ халықты сумен, азық-түлікпен және қажетті заттармен қамдау ұйымдастырылады.

4.11 кесте - Әртүрлі қарқынды жер сілкінісі болған кезде тапсырманы өзіндік шешуге арналған нұсқаулар

№ р/с	Көрсеткіштер-дің атауы	Жер сілкінісінің балдары және нұсқаулар									
		VI	VII	VIII	IX	X	V	VII	VI	VIII	IX
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
1	Қала тұрғындарының саны	100 мын.	200 мын	150 мын.	80 мын.	130 мын.	220 мын.	180 мын.	120 мын.	230 мын.	250 мын.
2	Ірі өнеркәсіп кәсіпорындары	12	14	10	8	9	20	18	11	22	24
3	Оның ішінде химиялық жарылуға	2	3	1	1	2	4	4	3	4	5
4	Мектептер	4	10	9	3	10	12	13	8	15	16
5	Балабақшалар	5	10	8	6	7	15	14	12	18	20
6	әрқайсысы 150 кереуеттен емдеу	4	8	6	3	5	10	9	7	12	13
7	Қоғамдық тамақтану кәсіпорны	10	20	18	8	12	24	22	25	30	35
8	Қазандықтар	5	10	8	4	6	12	9	11	13	14
9	Хлор сақталатын жердегі жабық су қоймасы	5	8	6	4	7	10	12	9	14	16

10	т/ж жолдарындағы аммиагы бар цистерналар	40 т.	45 т.	47 т.	50 т.	30 т.	35 т.	46 т.	48 т.	43 т.	50 т.
11	Электр өткізгіш желілердің жалпы ұзындығы	300 км	250 км	200 км	230 км	280 км	320 км	290 км	270 км	220 км	240 км
12	Изадионды желілер арнасы	240 км	200 км	220 км	210 км	230 км	250 км	180 км	190 км	240 км	195 км
13	Қалаларда, үйлерде	12450	12400	125 00	125 50	124 30	124 80	121 00	121 50	12410	12180
14	әрбір үйде тұратындарды ң орташа саны В	20 адам.	25 адам.	28 адам.	30 адам.	18 адам.	22 адам.	27 адам.	31 адам.	32 адам.	34 адам.
15	Қала шетінде әрқайсысы 300 кереуеттен тұратын екі демалыс үйі бар	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2
16	УКВ радиостанция лары	Барлық шаруашылық жүргізу объектілерінде 2-3 данадан									

4.6 тапсырма

Элементтердің құлауы (төңкерілуі).

Биік элементтер (ЛЭП тіреуіштері, мұнарасы және жебесі бар крандар, діңгектер, биік станоктар және аспаптар, т.б.) толқын соққысынан құлауы немесе аударылуы мүмкін.

Элементке жылжыту күші әсер етеді. Жылжыту күшінің моментіне ауырлық күші мен Q бекіту күшінің моменті қарсы әсер етеді. Бекітілмеген элементтер үшін құлау шарты ауырлық күшінің моментінде жылжыту күшінің моментінің артуы болады:

$$P_{см \cdot в > Ga} \quad \text{және} \quad P_{см} > \frac{а}{в}\boldsymbol{Q} \qquad (4.4)$$

мұндағы в -аэродинамикалық жылжыту күшінің иіні;

Q - ауырлық күшінің иіні.

$F_{тр} \leq P_{см} = G_x S P_{ск}$, өрнегінен $P_{см}$ мәнін қоя отырып, мұндағы $F_{тр} = fG$, , мұндағы f - үйкеліс коэффициенті (4.12 кестеде берілген),G - заттың салмағы,

Элемент құлаған кезде жылдамдық тегеурінін аламыз, G_x=l,6 аэродинамикалық кедергі коэффициенті (4.13 кесте):

$$P_{ск} \geq \frac{aG}{вGS}. \qquad (4.5)$$

Күрделі кескіндеме және іргетас, тіреуіштің әртүріне бекітілген элементтер үшін құлау шарты ауырлық күші мен бекіту күшінің моментіндегі жылжыту күші артық болады:

$$P_{см^в} \geq G\frac{a}{2} + Qa \qquad (4.6)$$

мұндағы в - $P_{см}$ аэродинамикалық жылжыту күшінің иіні ;

а - Q бекіту күшінің иіні;

а/2 - ауырлық күшінің иіні.

Мұндай жағдайда кейбір қиындықтар құлайтын заттың бейнесінің ауданы шамамен қысым орталығында болатын жылжыту күшінің иініне салу, қолдану нүктесі болып табылады. Егер заттың әрбір бөлігінің S_i ауданы және осы ауданның b_i ауырлық орталығының биіктігі белгілі болса, онда $P_{см}$ иін күші шамамен мына формуламен анықтайды:

$$P_{св}\ в \geq\ G\frac{a}{2} + Q_a. \qquad (4.6)$$

Мысал: тегіс бетте орнатылған бағдарламалық құрылғының блогы құлаған кезде соққы толқынындағы артық қысымды анықтау.

Аспаптың салмағы 250 Н, биіктігі 40 см, ұзындығы 20 см, ені 20 см, аспаптың ортасындағы жылжыту күшінің қысым орталығы және ауырлық орталығы.

Шешуі: Көлденең қимасының ауданы үшін (4.5) формула бойынша S=0,2 *0,4=0,08 м^2 анықтаймыз:

$$P_{ск} \geq \frac{0,1}{0,2} \cdot \frac{250}{1,6\ \cdot\ 0,08} = \frac{980н}{м^2} \approx 1кПа.$$

Сонымен қатар 17 кПа (4.12 кесте) соққы толқынында жылдамдықты тегеурін немесе артық қысым болған кезде аспап құлайды.

4.12 кесте - Жылдамдықтағы тегеурін және артық қысым

Артық қысым,кПА	Жылдамдық		Ауа бөлшегінің тығыздығы	Қысым	
	фронтта, м/с	Ауа бөлшектері, м/с	кг/м	Жылдамдықты тегеуріннің, кПа	Тойтарылған толқын шебінде, кПа
0	340	0	12,9	0	0
1	341	2,3	1,30	0,0035	2,0
10	354	22,3	1,38	0,35	20,8
20	367	43,2	1,46	1,37	43,8
30	380	62,3	1,54	3,04	67,3
40	392	80,5	1,63	5,34	93
50	404	97,5	1,70	8,23	120
60	416	113,7	1,78	11,7	148
80	439	143,7	1,93	20,3	209
100	460	171,0	2,04	30,9	274
120	480	196,7	2,20	43,4	344
140	500	220,4	2,34	57,7	418
160	519	242,7	2,46	73,6	497
180	537	263,6	2,58	91,1	579
200	555	283,6	2,69	110	664
300	635	371,1	3,18	223	1135
400	707	444,5	3,59	361	1666
500	772	508,7	3,94	517	2240

(4.5) формуласынан немесе 4.12 кестеден табылған жылдамдықтағы тегеурін бойынша затты жылжытқан кездегі соққы толқынындағы артық қысымды анықтауға болады.

4.13 кесте - Үйкеліс коэффициенті

Үйкеліскен материалдардың атауы	Үйкеліс коэффициенті
Сырғанау үйкеліс коэффициенті	
Болаттың болат бетінде	0,16
Линолеум бойынша металл	0,2 - 0,4
Ағаш бойынша металл	0,2 - 0,5
Қатты топырақ, линолеум және резіңке бойынша	0,4 - 0,6
Ағаш бойынша резіңкелер	0,5 - 0,8
Ағаш бойынша ағаш	0,2-0,5
Тербелу үйкеліс коэффициенті	
Рельс бойынша болат дөңгелектің	0,05
кафельді плитка бойынша	0,1
линолеум бойынша	0,15-0,2
ағаш бойынша	0,12-0,15

4.14 кесте - Аэродинамикалық кедергі коэффициенті

Дене пішіні	G*	Ауа қозғалысының бағыты
Шаршының үш еселенген жағына тең төртбұрышты қыры бар параллелепипед	0,85	Төртбұрышты қырға перпендикуляр
Текше (куб)	1,6	Қырына перпендикуляр
Диск	1,6	Дискіге перпендикуляр
Қабырғаларының қалыңдығы 1/5 тең шаршылы пластина	1,45	Пластинаға перпендикуляр
Цилиндр h/d=l h/d=4 h/d=9	0,4 0,43 0,45	Цилиндрдің өсіне перпендикуляр h - биіктік, d - цилиндрдің диаметрі
Сфера Жарты сфера	0,25 0,3	Жарты сфераның жазық табанына параллель
Шаршы табаны бар пирамида	1,1	Табанға параллель және табанның қырына перпендикуляр

4.17 кесте - 4.6 тапсырманы өзіндік шешу үшін нұсқалар

Көрсеткіштер	№ 4.6 тапсырманың нұсқалары									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
Аспаптың салмағы, Н	25	300	200	180	220	190	150	320	100	280
Биіктігі, см	40	50	35	45	55	25	48	60	58	70
Ұзындығы, см	20	30	25	35	40	90	28	45	50	70
Ені, см	25	35	30	40	45	85	32	48	55	65

4.7 тапсырма.

Химиялық зақымдану ошағына ұшыраған және тұрғын үйде орналасқан (барлығы 300 адам) адамдардың шығындалу мүмкінділігін анықтау. Адамдар 90%-ға газтұтқышпен қамтамасыз етілген.

Шешуі: 4.16 кесте бойынша П=9% (27 адам) табамыз, оның ішінде жеңіл дәрежедегі зақымданғандар 27х0,25=7 адам, орташа және ауыр зақымданғандар 27х0,4=11 адам, аса ауыр зақымданғандар 27х0,35=9 адамды құрайды

4.16 кесте - Зақымдану ошағында СДЯВ-тан адам шығынының болу мүмкінділігі, %

Адамдардың орналасу жағдайы	Адамдардың газтұтқышпен қамтамасыз етілуі, %									
	0	20	30	40	50	60	70	80	90	100
Ашық жерлерде	90-100	75	65	58	50	40	35	25	18	10
Аса қарапайым баспана, ғимараттарда	50	40	35	30	27	22	18	14	9	4
Ескерту: зақымдану ошағындағы адам шығынының болжама құрылымы: жеңіл дәрежеде зақымдану - 25%, орташа және ауыр дәрежеде - 40%, аса ауыр зақымдану - 35 % құрайды.										

4.17 кесте - 4.7 тапсырманы өзіндік шешу үшін нұсқалар

Адамдардың орналасу жағдайы	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
Ашық жерлерде газтұтқышпен қамтамасыз етілуі, %	0	30	20	40	50	60	70	80	90	100
Аса қарапайым баспаналарда газтұтқышпен қамтамасыз етілуі, %	30	20	40	20		50	60	70	80	90
Тұрғындардың саны, адам	300	100	500	450		550	350	550	700	750

4.8 тапсырма.

Елді мекеннен 9 км ара қашықтықта орналасқан объектілердің апатының нәтижесінде сұйытылған аммиакпен бірге коммуникациялар бұзылған. Метеожағдайы: изотермия, желдің жылдамдығы 5 м/с. Түтіннің елді мекенге жақындау уақытын анықтау.

Шешуі.4.18 кесте бойынша изотермия үшін v=5 м/с жел жылдамдығын ескере отырып w=7,5 м/с бұзылған ауаның түтінінің тасымалдануының орташа жалдамдығын табамыз. Елді мекенге бұзылған ауаның түтінінің жақындау уақыты.

$$t = \frac{R}{W} = \frac{9000}{7{,}5 \cdot 60} = 20 \text{ мин.}$$

4.18 кесте - Заттармен бұзылған түтіннің тасымалдануының орташа жылдамдығы, м/с

Желдің жылдамдығы, v, м/с	Инверсия		Изотермия		Конвекция	
	R<10 км	R>10км	R<10 км	R>10 км	R<10 км	R>10 км
1	2	2,2	1,5	2	1,5	1,8
2	4	4,5	3	4	3	3,5
3	6	7	4,5	6	4,5	-
4	-	-	6	8	-	-
5	-	-	7,5	10	-	-
6	-	-	9	12	-	-
Ескерту - Желдің жылдамдығы 3 м/с-тан көп болған кезде инверсия мен конвекция сирек жағдайларда бақыланады						

4.19 кесте - 4.8 тапсырманы өзіндік үшін нұсқалар

Көрсеткіштер (шарт)	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Объектіден ара қашықтық, км	9	6	4,5	4	5	8	5,5	3,5	7,5	8,5	9,5	1,0
Желдің жылдамдығы, м/с	5	4	3	2	1	2	3	1,5	2	1	3	1,5
Ауа райы	изотермия				инверсия				конвекция			

4.9 тапсырма.

Объектіде массасы G = 20 т жарылғыш заты бар (аммонит) вагон жарылды. (R) жарылыс және (D) болжамды дәрежелі зақымданудың нәтижесіндегі жарылғыш заттың қуатының тиімді массасын ($G_{эф}$), панельден және кірпіштен салынған ғимараттардың бұзылу аймағының радиусын анықтау:

1) Жарылғыш заттың қуатының тиімді салмағы:

$$G_{эф} = kG, \text{ кг},$$

мұндағы G - жарылғыш заттың салмағы (ЖЗ), кг G=20000 кг, к - ЖЗ сапасының коэффициенті.

К коэффициенті ЖЗ түріне байланысты 4.20 кестеден алынады.

4. 20 кестеден к=0,94 $G_{эф}$=0,94х20000=19400 кг.

2) ЖЗ сапасына, түріне байланысты бұзылу аймағының радиусы:

- панельден салынған ғимараттарда d = 0,3 м:

$$R = 0{,}6\sqrt{\frac{G_{эф}}{d}} = 0{,}6\sqrt{\frac{19400}{0{,}3}} = 152 \text{ м};$$

- кірпіштен салынған ғимарттарда d=0,5 $R = 0{,}6\sqrt{\frac{19400}{0{,}5}} = 118$ м.

4.20 кесте - ЖЗ сапасының коэффициентін анықтау

ЖЗ түрлері	ЖЗ сапасының коэффициенті, к
Тритонол	1,53
Гексоген	1,28
Пикрин қышқылы	0,97
Аммонит	0,94

3) Объектінің болжамды (D) зақымдану дәрежесін формула бойынша есептеуге болады:

$$D = \frac{S_{3.p}}{S_0},$$

мұндағы S3 р - бұзылу ауданы, м^2;

$S_{3.p} = \pi R^2 = \pi 152^2 = 72546$м^2;

Зақымдану дәрежесі	Бұзылу аймағы
D<0,2	Әлсіз
D<0,2 - 0,5	Орташа
D<0,5 - 0,8	Күшті
D>0,8	Толық

S_0 - объект территориясының ауданы,м^2;

S_0=300000 м^2.

$$D = \frac{72546}{300000} = 0.24.$$

4.21 кесте - Бұзылу аймағын анықтау

Демек бұзылу аймағы орташа.

Панельден салынған ғимаратардың қабырғасының қалыңдығы d = 0,3 м.

Кірпіштен салынған ғимараттардың қабырғасының қалыңдығы d = 0,5 м.

4.22 кесте - Өзіндік шешу үшін нұсқалар

Нұсқаулар	(ЖЗ) Жарылғыш заттардың түрлері	ЖЗ Салмағы G, т	Объект территориясының ауданы, м2
1	Гексоген	30,0	250000
2	Тритонал	25,0	200000
3	Аммонит	40,0	300000
4	Пикрин қышқылы	35,0	280000
5	Гексоген	25,0	230000
6	Тритонал	20,0	220000
7	Аммонит	35,0	280000
8	Пикрин қышқылы	30,0	250000
9	Гексоген	20,0	300000
10	Тритонал	15,0	250000
11	Аммонит	45,0	100000
12	Пикрин қышқылы	20,0	150000

13	Гексоген	35,0	200000
14	Тритонал	30,0	280000
15	Аммонит	30,0	150000
16	Пикрин қышқылы	45,0	200000
17	Гексоген	40,0	150000
18	Тритонал	35,0	300000
19	Аммонит	25,0	200000
20	Пикрин қышқылы	15,0	300000

Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Долин П. А., Медведев В. Т., Корочков едев В. В. Электробезопасность. Задачник: учеб. пособие/ Под ред. проф. В.Т. Медведева – М:Гардарики, 2003-215 с.
2 Сохранов М. Т., Хакимжанов Т. Е. Основы безопасности жизнедеятельности. Методические указания к выполнению расчетно-графических работ. Часть 1. Алматы.: АИЭС, 2002-24 с.
3 Сохранов М. Т., Хакимжанов Т. Е. Основы безопасности жизнедеятельности. Методические указания к выполнению расчетно-графических работ. Часть 2. Алматы.: АИЭС, 2003-41 с.
4 Тупов В. Б. Снижение шума от энергетического оборудования: Учеб. пособие для вузов. М.: Изд-во МЭИ, 2005-232 с.

Қосымша:

1 Апенко М. И., Свешникова И.С. Задачник по оптике: Учеб.пособие для техникумов.М.:Машиностроение , 1987-192 с.
2 Демкович В. П. Сборник вопросов и задач по физике. М. Учпедгиз, 1963-240 с.
3 Долин П. А. Основы техники безопасности в электроустановках. М.: Энергоатомиздат,1984
4 Долин П. А. Справочник по технике безопасности. М. : Энерго-атомиздат,1984.- 824 с.
5 Журавлев В. П., Пущенко С. Л., Яковлев А. М. Защита населения и территорий в чрезвычайных ситуациях. М.: Изд-во Ассоциаций строительных вузов,1999-369 с.
6 Защита от шума. Справочник проектировщика. М.: Стройиздат,1974.
7 СНиП П-12-77. Защита от шума. М. Стройиздат,1978.
8 Сборник типовых расчетов по курсу «Охрана труда». Под редакцией С. В. Белова. Москва,1979.- 80 с.

2018 ж., жиынтық жоспары, 9

Бекмуратова Нуржамал Сарсембаевна
Абикенова Асель Амангельдиевна

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Оқу - әдістемелік кешені. Барлық мамандықтар үшін

Редактор Ж.Н.Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Г.И.Мухаметсариева

Басуға 24.06.2019ж.қол қойылды
Таралымы 100 дана.
Көлемі 4,9 есептік-баспа табак

Пішімі
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс 860. Бағасы 2500

«АЭжБУ» коммерциялық емес АҚ
Алматы қ, Байтұрсынұлы, 126/1

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы қ, Байтұрсынұлы, 126/1